



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*2017-2019 жылдардағы Қазақстан Республикасы
ішкі экономикасының ұлттық шоттары*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Бейсебекова Алина Мұқанқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Нақыпбеков Әсет Ерікұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

a.beisebekova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-95-27

S.2 Өзектілік- кіріспе

Ұлттық шоттар жүйесінің (бұдан әрі – ҰШЖ) басты мақсаты экономиканың жұмыс істеу тиімділігін талдау және бағалау үшін жарамды макроэкономикалық деректер базасын құру үшін пайдаланылуы мүмкін жан-жақты тұжырымдамалық негізді және есепке алу құрылымын қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай Дерекқордың болуы негізделген және ұтымды саясатты әзірлеу және тиісті шешімдер қабылдау үшін қажетті шарт болып табылады.

Ұлттық шоттар жүйесінің мәні экономика салаларының ұдайы өндіріс процесінің әртүрлі сатыларындағы дамуының жинақтап қорытылған көрсеткіштерін есептеп шығаруға және осы көрсеткіштердің бір-бірімен өзара үйлесуіне саяды. Ұдайы өндірістің әрбір сатысына арнаулы шот немесе шоттар тобы сәйкес келеді. Осылайша, өндірілген тауарлар мен қызметтер құнының қозғалысын, сондай-ақ өндіруден пайдалануға дейінгі қосылған құнды бақылап отыру мүмкіндігі бар.

Негізгі пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі сияқты мемлекеттік органдар, ғылыми зерттеу институттары, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссиясы сияқты халықаралық ұйымдар және басқалар болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Тауарлар мен қызметтердің шоты өзіндік жиынтық кесте болып табылады. Ол басқа да барлық шоттар сияқты екі бөліктен тұрады: «ресурстар» бөлігінде тауарлар мен қызметтердің шығарылымы және импорты, өнімдерге және импортқа салынған салықтар, өнімдерге арналған субсидиялар, ал «пайдалану» бөлігінде – тұтынуға (аралық және түпкілікті) арналған тауарлар мен қызметтердің пайдалану көлемі, негізгі және айналым капиталының қорланымы, экспорт көрсетіледі.

Өндіріс шоты тікелей өндіру процесіне қатысты операцияларды қамтып көрсетеді. Бұл шотта экономика дамуының жинақтап қорытылған аса маңызды көрсеткіштерін – жалпы ішкі өнімді есептеп шығарудың негізін құрайтын қосылған құн анықталады.

Табыстардың құралу шоты институционалдық бірліктердің – тауарлар мен қызметтер өндіруге тікелей қатысатын резиденттердің бастапқы табыстарын төлеуді көрсетеді.

Бастапқы табыстарды бөлу шоты резиденттер арасындағы (институционалдық бірліктер немесе секторлар) өндірістік қызмет пен меншіктен алынған бастапқы табысты бөлуді сипаттайды.

Табыстарды қайталама бөлу шоты ағымдағы трансферттердің түсуі және табысталуы нәтижесінде секторлардың бастапқы табыс сальдосының олардың қолдағы табысына айналуын көрсетеді.

Нақты нысандағы табыстарды қайта бөлу шоты мемлекеттік басқару органдары, әлеуметтік қамтамасыз ету қорлары және үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың (ҮШҚКЕҰ) резидент-үй шаруашылықтарына беретін нақты нысандағы әлеуметтік трансферттерді бейнелейді.

Капиталмен жасалатын операциялар шотының негізгі рөлі - операция барысында институционалдық бірліктер-резиденттер сатып алатын немесе өткізетін қаржылық емес активтердің құнын, сондай-ақ жинақтау және күрделі трансферттерге байланысты капиталдың таза құнының өзгеруін көрсету.

Басқа әлем шоты-өз тұрғысынан жалғыз, өйткені ол экономикалық қызметтің өндіріс, тұтыну, қорланым, т.с.с бір нақты түрімен байланысты емес. Мұнда резидент институционалдық бірліктер мен резидент емес бірліктер арасындағы барлық операциялар көрсетіледі.

ҚР ұлттық шоттарын қалыптастыру үшін жалпы мемлекеттік статистикалық бақылаулар мен Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің (Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы есептер, Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы есеп), Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің (Төлем балансы, екінші деңгейлі банктердің, сақтандыру ұйымдарының қызметтері туралы есептері) әкімшілік деректері, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының қызметтері туралы есептер дереккөз болып табылады.

Ұлттық шоттардың толық жүйелілігі жыл сайынғы негізде экономика секторлары бойынша (алдын ала деректер, нақты бағалау, соңғы бағалау) қалыптастырылады. Өндіріс және табыстардың пайда болу шоттары, сондай ақ экономика бөлімдерінде қалыптастырылады.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

NACE rev.2 халықаралық жіктеуішпен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (03-2007 ҚР ҰЖ) . Экономика секторларының жіктеуіші, Мемлекеттік басқару органдары функциялары жіктеуіші, Үй шаруашылық- тарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар мақсаттарының статистикалық жіктеуіші, Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне тауар айқындамаларының 2008 Ұлттық шоттар жүйесімен сәйкес әзірлеген. Жіктеуіштер ҚР ҰЭМ СК-нің www.stat.gov.kz сайтында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер бір-бірін өзара қоспайтын бес институционалдық секторға топтастырылады: қаржылық емес корпорациялар секторы; қаржылық корпорациялар секторы; мемлекеттік басқару секторы; үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы; үй шаруашылықтарының секторы. ҰШЖ елдің тұтас экономикасын сипаттайды. Деректер экономикалық секторлардың бөлінісінде қалыптастырылады: барлық резиденттер-институционалдық бірліктер және олармен жүргізілетін операциялар (басқа елдермен операцияларды қоса) қамтылады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) макроэкономикалық шоттардың, активтер мен пассивтер теңгерімдерінің, сондай-ақ негізіне халықаралық деңгейде келісілген ұғымдар, анықтамалар, жіктелімдер мен есепке алу қағидаларының бірқатары жататын кестелердің логикалық түрде тізбекті, үйлесімді және тұтас жиынтығын білдіреді.

Шығарылым есепті кезеңде экономикада өндірілген тауарлар мен қызметтердің жиынтықты құнын көрсетеді.

Аралық тұтыну (АТ) есепті кезеңде өндіріс процесінде түрленетін немесе түгелдей тұтынылатын тауарлар мен қызметтер құнына тең. Негізгі капиталды тұтыну аралық тұтыну құрамына кірмейді. Аралық тұтыну құрамына қаржы делдалдығының (банктердің) жанама-өлшемді қызметін тұтыну жеке жайғасым болып енеді.

Жалпы қосылған құн (ЖҚ) салалар деңгейінде тауарлар және қызметтер шығарылымы мен аралық тұтыну арасындағы айырмашылық ретінде есептеп шығарылады. «Жалпы» термині өндіріс процесінде тұтынылған негізгі капиталдың құны көрсеткішке қосылатындығын көрсетеді. Формула бойынша есептеледі:

Жалпы қосылған құн = Жалпы шығарылым - аралық тұтыну

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің соңғы нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі. Формула бойынша есептеледі:

ЖІӨ = ЖҚҚ+өнім салығы-салықтық субсидиялар

өнімдерге салынған салықтар мөлшері өндірілген өнімдер мен көрсетілген қызметтердің құнына тікелей байланысты салықтарды қамтиды.

Өнімдерге салынатын салықтарға қосылған құн салығы, акциздер, импортталатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге салынатын салықтар және басқалары кіреді.

Субсидиялар – кәсіпорындарға олар тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін өндірген жағдайда Мемлекеттік бюджеттен берілетін ағымдағы өтеусіз төлемдер.

Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жұмыс берушінің қызметкерлерге олардың есепті кезеңде орындаған жұмысына ақшалай және/немесе заттай нысанда төлеген барлық сыйақыларының сомасымен анықталады.

Өндіріске салынатын басқа да салықтар өнімге салынатын салықтардан басқа, өндіруші бірліктердің өндіруге немесе өндіру факторларын пайдалануына байланысты оларға салынатын барлық салықтардан тұрады. Мұндай салықтардың мөлшері өндірістің көлемі мен пайдалылығына тікелей байланысты емес.

Экономиканың жалпы (таза) пайдасы (ЖП) қосылған құнның қызметкерлер еңбегіне ақы төлеуге және өндіріске салынатын салықтарды төлеуге байланысты шығыстарды шегергеннен кейін өндірушілерде қалатын бөлігі. «Жалпы» немесе «таза» термині бұл жағдайда Ұлттық шоттар жүйесінің негізгі әдіснамалық ережелері осы көрсеткіш өндіріс процесінде негізгі капиталды тұтынуды қоса ма немесе қоспай ма соны көрсетеді.

Үй шаруашылықтарының меншігінде тұрған кәсіпорындардың өндірістік қызметінің нәтижесінде құралатын пайда жалпы аралас табыс (ЖАТ) деп аталады, өйткені ол кәсіпорынның меншік иесі орындаған жұмысқа ақы төлеуді де, сол сияқты кәсіпкерліктен түскен пайданы да көрсетеді.

Жалпы пайда және аралас табыс келесі формуламен есептеледі:

$ЖП \text{ және } ЖАТ = ЖҚҚ - \text{еңбек ақы} - \text{өндіріске басқа да салықтар} - \text{өндіріске басқа да субсидиялар}$

Меншіктен түскен табыстарға институционалдық бірліктердің қаржы активтерін, жерді және басқа қаржыға жатпайтын активтерді (жер қойнауы және басқа табиғи активтер, патенттер, лицензиялар және т.б.) пайдалануға беруіне байланысты алатын немесе төленетін табыстары кіреді.

Бастапқы табыстар сальдосы институционалдық бірліктердің – резиденттердің меншіктен өндіріске қатысуының нәтижесінде құралатын табыстарды сипаттайды. Олар бірліктер-резиденттер алған және төлеген барлық бастапқы табыстардың арасындағы айырма ретінде анықталады. Жалпы негізде анықталған, яғни негізгі капиталды тұтынуды шегергенге дейінгі бастапқы табыстар сальдосы тұтастай экономика деңгейінде жалпы ұлттық табысқа (ЖҰТ) тең. Таза негізде анықталған, яғни негізгі капиталды тұтынуды шегергендегі бастапқы табыстар сальдосы таза ұлттық табысқа тең.

Жалпы ұлттық табыс келесі формуламен есептеледі:

$ЖҰТ = ЖІӨ + \text{басқа да әлемнен алынған және берілген бастапқы табыстар сальдосы}$

Институционалдық бірліктің түпкілікті тұтыну және жинақтау үшін қолда бар табысы қолдағы табыс (ЖҚТ) болып саналады. Ол бастапқы табыстан минус ағымдағы трансферт ретінде берілген табыс, плюс алынған ағымдағы трансферттің сальдосына тең.

Жалпы қолдағы табыс келесі формуламен есептеледі:

$ЖҚТ = ЖҰТ + \text{басқа да әлемнен алынған және берілген ағымдағы трансферттер сальдосы}$

Трансферт бір институционалдық бірліктің екінші бірлікке орнына тауар, қызмет немесе актив түріндегі өтем алмай-ақ, тауар, қызмет немесе актив (қаржылық немесе қаржыға жатпайтын) беру операциясы. Трансферт ағымдағы және күрделі деп бөлінеді. Олар ақшалай және заттай нысанда жүргізілуі мүмкін.

Ағымдағы трансферттің мынадай негізгі түрлері бар: табысқа, байлыққа және т.б. салынатын ағымдағы салықтар, әлеуметтік сақтандыруға аударым, әлеуметтік жәрдемақылар, капиталдық сипаты жоқ ерікті

жарналар мен сыйлықтар, айыппұлдар және т.б. Күрделі трансферттер активтерге (қолма-қол ақша және материалдық айналым қаражатынан басқа) меншік құқығын немесе оларды бір институционалдық бірліктен екіншісіне сатып алу үшін қаражатты өтеусіз беру болып табылады.

Түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстар үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан, мемлекеттік мекемелердің дербес тауарлар мен қызмет терге, ұжымдық қызмет терге түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан, сондай-ақ ҮШҚКЕҰ-ң түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан құралады.

Жалпы жинақтау (ЖЖ) – қолдағы табыстың тауарлар мен қызметтерді шекті тұтынуға жұмысалмаған бөлігін құрайды. Келесі формуламен есептеледі:

$$\text{ЖЖ} = \text{ЖҚТ} - \text{түпкілікті тұтынуға шығыстар}$$

Таза несие беру (+) немесе таза қарыз алу (-) қаржыға жатпайтын активтерді таза сатып алуға жұмсалған шығыстармен салыстырғанда қаржыландыру көздерінің асып түсуі немесе тапшылығы болып табылады. Тұтастай экономика деңгейінде таза кредит беру немесе таза қарыз алу елдің «басқа елдердің» иеленуіне беретін немесе «басқа елдердің» елге беретін ресурстар санын көрсетеді.

S.4.5 Статистикалық объект

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер. Институционалдық бірлік, егер осы елдің экономикалық аумағында оның экономикалық мүдделерінің басым орталығы орналасқан болса, яғни ол осы аумақта экономикалық қызметпен біршама ұзақ кезеңде (бір жыл немесе одан да көп) айналысса, онда ол елдің резиденттік бірлігі болып табылады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

S.4.7 Аумақтық қамту

Жалпы Қазақстан Республикасы.

S.4.8 Қамту уақыты

Ішкі экономикасының ұлттық шоттары 1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі уақыт қатарларын қамтиды.

S.4.9 Базалық кезең

Ұлттық шоттардың көрсеткіштері (ЖІӨ және оның компоненттерден басқа) ағымдағы бағаларда ғана қалыптастырады. ЖІӨ және оның компоненттердің базалық кезең өткен жылғы тиісті кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Миллион қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
- 2 . Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
- 3 . Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы болу шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қол жетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайты. Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасы ішкі экономикасының ұлттық шоттары» статистикалық бюллетень ҰЭМ Статистика комитетінің www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы / Статистика / Бюллетень бөлімінде жыл сайын Excel форматында, қазақша және орысша тілдерінде жарияланады. 2) «Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары» статистикалық жинағы экономика секторлары бойынша соңғы бес жылдардағы деректерді қамтиды. Статистикалық жинақ ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Жариялымдар / Статистикалық жинақтар / Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары бөлімінде Word және PDF форматтарында, қазақша, орысша және ағылшын тілдерінде жарияланады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық-талдамалық жүйесі > Ұлттық шоттар статистикасы > Ағымдағы шоттар.

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналған деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабында көзделген талаптарға негізделеді, осыған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі. Микродеректерге қол жеткізу және микродеректердің анонимділігі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2

шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 (ЕУРОСТАТ Еуропалық Қоғамдастықтардың Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған).
<https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1.Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысымен 2020 жылғы 16 қарашада бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2 .Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процестер карталары.

3.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

4.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттар статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпыға бірдей қабылданған рәсімдермен құпталады: - халықаралық стандарттарға сәйкес деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру; - тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану; -статистикалық деректердің салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

S.13.2 Сапаны бағалау

Сапа 2008 ҰШЖ халықаралық стандартының тұжырымдамаларын қатаң қолданумен және деректердің анықтығымен қамтамасыз етіледі.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ұлттық шоттар экономикалық саясатты бақылау және шешімдер қабылдау, болжау үшін, әкімшілік мақсаттар үшін, қоғамды ақпараттандыру үшін және экономикалық зерттеулер үшін деректері негізгі ақпарат болып табылады. Ұлттық шоттардың жылдық деректерінің пайдаланушылары әдетте қысқа мерзімді перспективада экономикадағы құрылымдық өзгерістерді талдауға назар аударады. Негізгі пайдаланушылар: ҚР Ұлттық банкі; мемлекеттік органдар; ғылыми-зерттеу институттары; халықаралық ұйымдар (ЕурАзЭҚ, ТМД Статкомитеті және тағы басқаралары); ЖОО оқытушылары, студенттер және тағы басқаралары.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2008 ҰШЖ халықаралық стандартына сәйкес.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Бастапқы деректердің дәлдігі деректер көздерінің әдіснамалық негізділігін бағалау және әдіснамалық ұсынымдарды сақтау арқылы бақыланады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары бойынша деректер Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген мерзімдерге сәйкес жыл сайын жарияланады. Алғашқы нәтижелер есепті кезеңнен кейін бір

жылдан соң жарияланады және алдын ала болып табылады. Нақтыланған деректер есепті кезеңнен кейін 2 жылдан соң жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Есепті деректер есепті кезеңнен кейін 3 жылдан соң жарияланады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР ҰЭМ министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

2020 жылға арналған статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес «Қазақстан Республикасы ішкі экономикасының ұлттық шоттары» статистикалық бюллетеннің жарияланым мерзімі – 2020 жылғы 7 желтоқсан.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Есептеулер 2008 ҰШЖ әдістемесіне сәйкес жүргізілетіндіктен, халықаралық деңгейде салыстырылмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

1998 жылдан бастап уақыт қатарлары жарияланған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық бюросы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік банкі дайындаған 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес жүргізіледі, ол бірдей түсініктерді, анықтамаларды, жіктелімдерді және бағалау әдістерін қолдануды қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Ұлттық шоттар жүйесі шеңберінде ұлттық шоттар деректері арасында келісушілік бар. Бірақ әр түрлі деректер көздерін пайдалану нәтижесінде толық келісушілік барлық жағдайда мүмкін емес. 2019 жылғы әртүрлі әдістермен есептелген ҰШЖ көрсеткіштері арасындағы орташа жылдық алшақтық мәні 2,5% құрады.

S.19 Жүктеме

Қазақстан Республикасы ішкі экономикасының ұлттық шоттарын Бюроның Ұлттық шоттар басқармасы қызметкерлері Excel-де қалыптастырады. Ұлттық шоттардың көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың және әкімшілік

дереккөздердің деректері пайдаланылады. Басқа статистикалық жұмыстармен қайталау жоқ.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

1) Деректер жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес қайта қаралады. Алдын ала деректер есепті кезеңнен кейінгі 1 жылда жарияланады. Жаңартылған деректер есепті кезеңнен кейінгі 2 жылда, қорытынды деректер есепті кезеңнен кейінгі 3 жылда жарияланады.

2) Әдіснаманың, жіктеуіштің өзгеруі жағдайларында қайта қарау.

Ағымдағы кезеңде ҚР Ұлттық Банкінің экономика секторлары бойынша төлем теңгерімін нақтылауына байланысты 2018 жылғы деректер, сондай-ақ жалпы жинақтауды бөлудің жаңа әдісін әзірлеуге байланысты 2017 және 2018 жылдардағы деректер қайта қаралды: негізгі капиталдың жалпы жинақталуы және экономика секторлары бойынша материалдық айналым қаражаты қорларының (НКЖЖ және МАҚҚӨ) өзгеруі:

Мемлекеттік басқару секторының (МБС) НКЖЖ мемлекеттік бюджет деректерінен (МБ) есептеледі, үй шаруашылықтарының НКЖЖ бағалау үшін пайдалануға берілген объектілер құрылысының нақты құны туралы салалық статистика деректері пайдаланылады (тұрғын ғимараттар – 90% тұрғын үй қоры). Бұдан әрі, жалпы экономика НКЖЖ және үй шаруашылықтары секторының НКЖЖ арасындағы айырмашылық 11 – "Негізгі қорлардың жай-күйі туралы есеп" нысанының құрылымы бойынша қаржылық емес және қаржылық корпорациялардың, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың секторлары бойынша бөлінеді.

МБС МАҚҚӨ МБ-дан бағаланады. Бұдан әрі 1-ПФ – "Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп" және 2-МП – "Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп" нысандарының деректері негізінде қаржы секторының қорларын құндық бағалау жүргізіледі. Қаржылық емес корпорациялардың секторының МАҚҚӨ тұтастай экономика қорлары мен МБС МАҚҚӨ және қаржы секторы арасындағы айырмашылықты білдіреді (бұрын секторлар бойынша жалпы жинақтауды бөлу кезінде алдыңғы кезеңнің құрылымы қолданылған).

Төлем балансын нақтылауға байланысты өзгерістер басқа елдермен операциялар шотында көрсетілген:

							млн. теңге
ҰШЖ- дағы опреация коды	Операциялар және тендестіру баптар	S11 Қаржылық емес корпорациялар секторы	S12 Қаржылық корпорациялар секторы	S13 Мемлекеттік басқару секторы	S14 Үй шаруашылық -тары секторы	S15 ҰШҚКЕ Ұ секторы	S1 Секторлар бойынша қорытынды
Қазақстан Республикасының 2018 жылғы басқа елдермен операциялар шоты (алдын ала)							
Ресурстар							
P7	Тауарлар мен қазметтер импорты	<u>14 864 697.7</u>	<u>99 238.6</u>	46 100,8	<u>1 002 915.5</u>		16 012 952,6
P71	Тауарлар импорты	11 864 628,3					11 864 628,3
P72	Қызметтер импорты	<u>3 000 069.4</u>	<u>99 238.6</u>	46 100,8	<u>1 002 915.5</u>		4 148 324,3
D1	Шет елден кіргізлетін еңбек ақы	<u>548 781.3</u>					<u>548 781.3</u>
D4	Мүліктен табыстар	<u>7 340 104.0</u>	<u>443 452.0</u>	177 554,8	<u>624.9</u>		<u>7 961 735.7</u>
D5+D7	Ағымдағы трансферттер	<u>79 218.9</u>	<u>24 806.1</u>	<u>224 710.0</u>	<u>377 600.8</u>		<u>706 335.8</u>
D9г	Күрделі трансферттер, алынғаны	<u>27 746.3</u>					<u>27 746.3</u>
	Барлығы	<u>22 860 548.2</u>	<u>567 496.7</u>	<u>448 365.6</u>	<u>1 381 141.2</u>	<u>0.0</u>	<u>25 257 551.7</u>
Пайдалану							
P6	Тауарлар мен қызметтер экспорты	<u>22 225 022.1</u>	<u>31 893.2</u>	86 690,7	<u>916 129.6</u>		23 259 735,6
P61	Тауарлар экспорты	<u>20 671 011.2</u>					<u>20 671 011.2</u>
P62	Қызметтер экспорты	<u>1 554 010.9</u>	<u>31 893.2</u>	86 690,7	<u>916 129.6</u>		<u>2 588 724.4</u>
D1	Шет елге шығарылған еңбек ақы				1 337,5		1 337,5
D4	Мүліктен табыстар	<u>245 641.9</u>	<u>243 670.7</u>	<u>344 130.2</u>	<u>18 548.5</u>	<u>507.1</u>	<u>852 498.4</u>
D5-D7	Ағымдағы трансферттер	<u>25 845.6</u>	<u>5 486.2</u>	<u>786 152.2</u>	<u>213 092.1</u>		1 030 576,1
D9р	Күрделі трансферттер, берілгені	<u>94 604.7</u>					94 604,7
	Ағымдағы сыртқы баланс	<u>336 292.3</u>	<u>286 446.6</u>	<u>-768 607.5</u>	<u>232 033.5</u>	<u>-507.1</u>	<u>85 657.8</u>
B9	Таза несие беру (+) / таза қарыз алу (-)	<u>269 433.9</u>	<u>286 446.6</u>	<u>-768 607.5</u>	<u>232 033.5</u>	<u>-507.1</u>	18 799,4
	Барлығы	<u>22 860 548.2</u>	<u>567 496.7</u>	<u>448 365.6</u>	<u>1 381 141.2</u>	<u>0.0</u>	<u>25 257 551.7</u>

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы басқа елдермен операциялар шоты (нақтыланған)							
Ресурстар							
P7	Тауарлар мен қазметтер импорты	<u>14 732 431.9</u>	<u>99 221.1</u>	46 100,8	<u>1 135 198.8</u>		16 012 952,6
P71	Тауарлар импорты	11 864 628,3					11 864 628,3
P72	Қызметтер импорты	<u>2 867 803.6</u>	<u>99 221.1</u>	46 100,8	<u>1 135 198.8</u>		4 148 324,3
D1	Шет елден кіргізлетін еңбек ақы	<u>548 780.7</u>					<u>548 780.7</u>
D4	Мүліктен табыстар	<u>7 316 191.7</u>	<u>443 449.4</u>	177 554,8	<u>623.2</u>		<u>7 937 819.1</u>
D5+D7	Ағымдағы трансферттер	<u>79 218.8</u>	<u>24 806.8</u>	<u>224 713.0</u>	<u>377 604.6</u>		<u>706 343.2</u>
D9г	Күрделі трансферттер, алынғаны	<u>27 762.3</u>					<u>27 762.3</u>
	Барлығы	<u>22 704 385.4</u>	<u>567 477.3</u>	<u>448 368.6</u>	<u>1 513 426.6</u>	<u>0.0</u>	<u>25 233 657.9</u>
Пайдалану							
P6	Тауарлар мен қызметтер экспорты	<u>22 225 038.5</u>	<u>31 876.9</u>	86 690,7	<u>916 129.5</u>		23 259 735,6
P61	Тауарлар экспорты	<u>20 671 011.1</u>					<u>20 671 011.1</u>
P62	Қызметтер экспорты	<u>1 554 027.4</u>	<u>31 876.9</u>	86 690,7	<u>916 129.5</u>		<u>2 588 724.5</u>
D1	Шет елге шығарылған еңбек ақы				1 337,5		1 337,5
D4	Мүліктен табыстар	<u>245 643.1</u>	<u>244 896.6</u>	<u>344 128.8</u>	<u>18 604.0</u>	<u>507.9</u>	<u>853 780.4</u>
D5-D7	Ағымдағы трансферттер	<u>25 846.0</u>	<u>5 488.0</u>	<u>786 151.5</u>	<u>213 090.6</u>		1 030 576,1

D9p	трансферттер Күрделі трансферттер, берілгені	94 602,6					94 602,6
	Ағымдағы сыртқы баланс	<u>180 095,5</u>	<u>285 215,8</u>	<u>-768 602,4</u>	<u>364 265,0</u>	<u>-507,9</u>	<u>60 466,0</u>
B9	Таза несие беру (+) / таза қарыз алу (-)	<u>113 255,2</u>	<u>285 215,8</u>	<u>-768 602,4</u>	<u>364 265,0</u>	<u>-507,9</u>	<u>-6 374,3</u>
	Барлығы	<u>22 704 385,4</u>	<u>567 477,3</u>	<u>448 368,6</u>	<u>1 513 426,6</u>	<u>0,0</u>	<u>25 233 657,9</u>

Кестеде көрсетілгендей, негізгі өзгерістер қаржылық емес корпорациялар секторында және үй шаруашылықтары секторында шоттың ресурстық бөлігінде қызметтер импорты мен мүліктен табыстар және пайдалану бөлігінде таза несие беру / таза қарыз алуда, сондай – ақ мүліктен табыстар, пайдалану бөлігінде қаржы корпорациялары секторында болды.

Жалпы жинақтауды есептеудегі өзгерістер

		млн. теңге					
ҰШЖ- дағы опреация коды	Операциялар және теңдестіру баптар	S11 Қаржылық емес корпорациялар секторы	S12 Қаржылық корпорациялар секторы	S13 Мемлекеттік басқару секторы	S14 Үй шаруашылық- тары секторы	S15 ҮШҚКЕҰ секторы	S1 Секторлар бойынша қорытынды
P5g	Жалпы жинақтау						
	2017 нақтыланған	<u>11 453 542,0</u>	<u>192 503,0</u>	<u>1 603 316,6</u>	<u>17 407,8</u>	<u>838 626,0</u>	<u>14 105 395,4</u>
	2017 соңғы	<u>11 353 866,8</u>	<u>267 253,6</u>	<u>1 556 878,8</u>	<u>1 107 754,0</u>	<u>44 425,7</u>	<u>14 330 178,9</u>
	2018 алдын ала	<u>13 891 667,6</u>	<u>203 476,5</u>	<u>1 474 451,9</u>		<u>44 913,7</u>	15 614 509,7
	2018 нақтыланған	<u>12 753 087,7</u>	<u>135 012,7</u>	<u>1 479 660,1</u>	<u>1 205 132,2</u>	<u>41 617,0</u>	15 614 509,7
	Негізгі капиталдың жалпы қорланымы						
P51g	Негізгі капиталдың жалпы қорланымы						
	2017 нақтыланған	<u>8 963 075,7</u>	<u>192 503,0</u>	<u>1 610 805,5</u>	<u>17 407,8</u>	<u>838 626,0</u>	<u>11 622 418,0</u>
	2017 соңғы	<u>8 848 334,5</u>	<u>237 536,7</u>	<u>1 560 824,2</u>	<u>1 107 754,0</u>	<u>44 425,7</u>	<u>11 798 875,1</u>
	2018 алдын ала	<u>11 361 004,4</u>	<u>203 476,5</u>	<u>1 482 021,2</u>		<u>44 913,7</u>	13 091 415,8
	2018 нақтыланған	<u>10 175 368,7</u>	<u>187 276,7</u>	<u>1 482 021,2</u>	<u>1 205 132,2</u>	<u>41 617,0</u>	13 091 415,8
	Материалдық айналым құрал-жабдықтары						
P52 AN12	Материалдық айналым құрал-жабдықтары						
	2017 нақтыланған	<u>2 490 466,3</u>		<u>-7 488,9</u>			<u>2 482 977,4</u>
	2017 соңғы	<u>2 505 532,3</u>	<u>29 716,9</u>	<u>-3 945,4</u>			<u>2 531 303,8</u>
	2018 алдын ала	<u>2 530 663,2</u>		<u>-7 569,3</u>			2 523 093,9
	2018 нақтыланған	<u>2 577 719,0</u>	<u>-52 264,0</u>	<u>-2 361,1</u>			2 523 093,9

Кестеден айтарлықтай өзгеріс үй шаруашылығы секторының НКЖЖ мәліметтеріне 2017 жылы 1,1 трлн-ға өсуі ҮШҚКЕҰ секторының НКЖЖ 0,8 трлн. теңгеге азайғанына әсер еткенін көруге болады.

2018 жылы үй шаруашылығы секторында 1,2 трлн.теңге Қаржылық емес корпорациялар секторының НКЖЖ төмендеді. Бұл институционалдық секторлар бойынша бөлу кезінде Внок құрылымының өзгеруіне байланысты.

МАҚҚӨ-ге келетін болсақ, алдыңғы есептеу әдісі бойынша деректерді қалыптастыру кезінде қаржы корпорациялары секторында мәндер болмағанын көруге болады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша келесі көрсеткіштер түзетілді*: 2017 жылы – 16 көрсеткіш, 2018 жылы – 64 көрсеткіш қайта қаралды.

* түзетілер 0,1 млн.теңгеден өзгерісті білдіреді

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

ҚР ұлттық шоттарын қалыптастыру үшін бастапқы деректер:

- үш әдіспен есептелген ЖІӨ құрамалары (өндіріс, табыстар және түпкілікті тұтыну);
- салалық статистика деректері;
- ҚР Ұлттық банкінің қаржы секторы ұйымдарының кірістер мен шығыстар бойынша деректері (ЕДБ, сақтандыру ұйымдары);
- ҚР Төлем балансы;
- Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы есептер (ҚР Қаржы министрлігі);
- Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы есеп;
- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметтері туралы есептері.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

ЖІӨ және оның компоненттері ұлттық шоттар басқармасының қызметкерлермен есептеледі. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері салалақ статистика басқармаларынан Excel кестелері түрінде алынды.

Әкімшілік деректер мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу туралы қолданыстағы бірлескен бұйрықтар шеңберінде Excel кестесі түрінде ЭҚЖБ арқылы сұраулар бойынша және дереккөздерден ресми сайттарынан алынды.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Салалақ статистика басқармаларынан және әкімшілік дереккөздерден алынған деректерге талдау жүргізіледі. Тексеру процесінде алынған нәтижелер өткен кезеңмен салыстырылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.